

## 2-апта

### №3-4 Дәріс тақырыбы. Негізгі грамматикалық ұғымдар туралы

1. Грамматикалық мағына туралы
2. Грамматикалық мағынаның түрлері

Қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдарға *грамматикалық мағына*, оның берілу тәсілінің бір түрі *грамматикалық форма* және екеуінің жиынтығы - *грамматикалық категория* енеді. Бұл үшеуі бір-бірімен диалектикалық бірлікте болып, тілді грамматикалық құрылысын құрайды.

Грамматикалық мағына. Тілдегі әрбір мәнді сөздің лексикалық мағынасымен бірге жалпы грамматикалық мағынасы болады (*мәнді* деген сөзге көңіл бөлгізу). Алғаш Қ Жұбанов 1932-33 жылдары оқыған «Қазақ тілінің ғылыми курсы» дәрістерінде сөзде екі түрлі мағына болатындығын айтқан. Олар: негіздік мағына және грамматикалық мағына деп көтрсеткен. «Сөз мағынасы екі түрлі болады: негіздік мағына, грамматикалық мағына. Сөздің атау ретіндегі мағынасын негіздік мағына дейміз. Мысалы, бас (голова) деген сөзді алсақ, оның зат есімдік, жекелік, атаулық (септеусіз мағынасында), тәуелсіздік, болымдылық мағыналары бар. Осындағы соңғы мағыналарды грамматикалық мағына дейміз. Зат есімдік, әрі етістікке тән белгілер қатар келсе, оны да грамматикалық мағына дейміз. Себебі мұндай сөздер дербес сөз табына ажыратылмаған. Сөз таптары бұлайша әрі зат есім, әрі етістік болып, бір-бірінен айрылмаған кезде олардың есім не етістік екендігі қосымша арқылы ғана белгілі болады. Грамматикалық мағынаның түрлі болуы әр елдің тілінің өзіндік өзгешеліктеріне байланысты (бізде меншік – тәуелдік, арабтарда – термин сөздер арабша жазылған)».

К.Аханов сөздің бойында лексикалық мағына мен грамматикалық мағына ұштасып келеді дейді: «Ал сөз тілдің грамматикалық бірлігі ретінде грамматикада қарастырылғанда, біріншіден, - оның (сөздің) бойында лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаның ұштасып келуі жағынан...» (5-6, 2010). А.Ысқақов: «Сөздің нақтылы лексикалық мағынасымен жарыса отырып, сол лексикалық мағынаны айқындай, саралай түсетін я сөйлемдегі басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсу нәтижесінде туатын жалпы мағынасын грамматикалық мағына дейміз», - дейді (14-б.). Ә.Хасенов: «Грамматикалық мағына дегеніміз – сөздің лексикалық мағынасына қосылатын үстеме мағына, сөздердің түрлі-түрлі қарым-қатынасын білдіретін қосалқы мағыналар» (Тіл білімі, 1996, 228-б). Тағы бір тұста: «...сөздің грамматикалық мағынасы дегеніміз сөздің формалды түрде тәуелділік мағынасы; сөз ішіндегі элементтер арқылы білідірілген мағына; сөздің белгілі бір түрде формалануы арқылы сол сөзге үстемеленетін қосалқы мағына; сөз тіркестері мен сөйлем ішіндегі компоненттерінің орналасу, байланысу амал-тәсілдерінен туындайтын мағыналар» (Ә.Хасенов, 230). Ал С.Исаев: «Сөздің лексикалық мағынасы - нақты, ұғымдық мағына, яғни бір сөзден екінші сөзді айыратын реестрлік сөздік мағынасы болса, грамматикалық мағына - сөздің тым жалпы мағынасы, сол сөздің әр түрлі тұлғалар арқылы түрленуінің нәтижесінде немесе басқа сөздермен әр алуан қарым-қатынасқа түсу салдарынан пайда болатын және сөздердің бір-бірінен бөлмей, керісінше, белгілі бір топтарға ортақ қасиеттер арқылы біріктіретін жалпы мағыналары болып табылады». С.Исаев А.Ысқақовтың анықтамасымен келіспейді. Анықтамадағы «грамматикалық мағына лексикалық мағынамен жарыса отырып, сол лексикалық мағынаны айқындай, саралай түстені мағына» делінуі қайшылықты дейді С.Исаев. Грамматикалық мағына - жарыспалы мағына емес, лексикалық мағынадан кейін пайда болатын мағына. Грамматикалық мағына лексикалық мағынаның жалпылануы арқылы пайда болады. Нақтылай айтсақ, грамматикалық мағына алдымен лексикалық мағынаның жалпылануы арқылы пайда болып, содан кейін сөйлеу процесінде оған түрлі тұлғалардың қосылуы арқылы немесе сөйлемде басқа сөздермен әр түрлі қарым-қатынасқа түсуі арқылы үстеледі. Демек, екінші қатардағы мағына болып табылады. Жалпы грамматикалық жалпылану туралы К.Аханов айтып кеткен болатын. Ғалым *грамматикалық абстракция* деп атап, оны былайша түсіндірген: «Лексикалық

тұрғыдан *орман*, *өзен* деген сөздер әр басқа сөздер ретінде танылса, грамматикалық тұрғыдан бұл екі сөздің бір-бірінен айырмашылығы жоқ. Бұлай болатындығы мынадан: аталған сөздердің (*орман*, *өзен*) бір-бірінен лексикалық мағыналары жағынан ажыратылуы грамматика үшін басты нәрсе емес, өйткені грамматика нақты сөздерді емес, жалпы сөз атаулыны немесе белгілі бір лексика-грамматикалық топқа бөлінетін сөздерді ескереді. Грамматика үшін *орман*, *өзен* және т.б. осылар тәрізді сөздердің басты жағы мынада: бұлар атау тұлғадағы, жекеше түрдегі зат есімдер. Аталған сөздер және олар тәріздес т.б. сөздер септелгенде, біркелкі септеледі. Септік жалғауларының алдында *орман өзен* деген сөздер тұра ма немесе *тау, жер су ...* сөздер тұра ма - оның грамматика үшін пәлендей мәні жоқ, әйтеуір септелетін сөздер келсе болғаны ... Грамматика сөздердің бір-бірімен қатынасын білдіреді. Ол қатынас - белгілі бір сөздердің нақтылы қатынасы емес, ешбір нақтылығы жоқ грамматикалық қатынас ... лексикада мағына категориясы ең басты орынға, қатынас категориясы кейінгі орынға ие болса, грамматикада ең алдымен қатынас категориясы, сонан кейін барып мағына категориясы мәлім болады» (2010, 6-б). «Грамматикалық мағынаның лексикалық мағынадан басты айырмашылығының бірі сол, грамматикалық мағына логикалық ұғыммен ұштасады да, шындық өмірдегі заттармен тікелей ұштаспайды. Ал лексикалық мағына логикалық ұғыммен де, шындық өмірдегі заттармен де ара қатыста болып, екеуімен де ұштасады ... Грамматика өзінің ережелерін жасағанда сөздер мен сөйлемдердің мағыналық нақтылығынан дерексізденеді, сөздердің өзгеруі мен сөздердің тіркесуінің негізіндегі жалпылық нәрсені негізге алады. Грамматикалық абстракцияның ерекшелігі, міне, осындай» (7-б).

Сондай-ақ лексикалық мағына дара болса, сөйтіп сөздерді бір-бірінен ажыратып тұрса, грамматикалық мағына жалпы болады да, сөздерді грамматикалық топтарға жинақтайды. Сөзде 1) бір ғана лексикалық мағына болса, грамматикалық мағына бірнешеу болады. 2) грамматикалық мағына сөйлеу процесінде сөздің әр түрлі грамматикалық тұлғалар арқылы түрленуінен де туады. 3) грамматикалық мағына сөздердің басқа сөздермен түрлі қарым-қатынасынан да көрінеді (С.Исаев). К.Аханов мысалы: *Жер жырттық, егін салдық, қайнады еңбек* (Жамбыл) деген сөйлемдегі *жырттық, салдық* деген сөздердің лексикалық мағыналарынан басқа бірнеше грамматикалық мағыналары бар 1) іс-әрекеттің өткен мезгілге қатысты екенін білдіреді (бұл - шақтық мағына, оның ішінде жедел өткен шақтық мағына); 2) іс-әрекеттің бір емес бірнеше субъект арқылы істелгенін білдіреді (бұл - көптік мағына); 3) іс-әрекеттің бірінші жаққа қатысты екенін білдіреді (бұл - жақтық мағына) (8-б). Мысалы: *Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін*. Сөйлемдегі *жазбаймын* сөзін талдайық: сөз бір лексикалық, бірнеше грамматикалық мағыналарға ие.

Сөздер лексикалық мағыналары жағынан бір-бірінен бөлініп, дараланып тұрады, ал грамматикалық мағыналары жағынан бір-біріне жақындап, жинақталады. Мысалы. Мысалдағы *жүр, айт, сұра* т.б. нақты қимыл ұғымын білдіретін сөздер, *айна, көз, ақыл* сөздері әрқайсысы жеке-жеке ұғымды білдіретін заттың аты, сол сияқты *бес, он, жүз* десек, нақты санды білдіретін сөздер, *көк, қызыл, қара* - заттың нақты сынын білдіретін сөздер. Осы сөздердің түсіндірмелі сөздіктен мағыналарын қарасақ, әрқайсысы өзінше жеке дербес мағыналы сөздер болып табылады. Мысалы, *көк* - ашық аспан тәрізді түс, *бес* - төрттен кейінгі есептік сан т.т. Енді бұл нақты мағыналар жалпылануы да мүмкін. Яғни осы жалпы грамматикалық мағыналары негізінде олар топтасып, жақындап, топ құрайды. Қимыл, іс-әрекетті білдіретін сөздер, заттың атын білдіретін сөздер, заттың санын білдіретін сөздер, заттың сынын білдіретін сөздер т.т. Қорытынды: сөз лексикалық мағынасы арқылы басқа сөздерден дараланып, бөлініп отырады; жалпы грамматикалық мағынасы арқылы, керісінше, басқа сөздермен жақындап, жалпы грамматикалық топ құрайды.

Белгілі бір грамматикалық мағына немесе мағыналар белгілі бір лексика-грамматикалық топқа (сөз тобына) енетін сөздердің барлығына бірдей ортақ болып келеді. Мысалы, шақтық, жекелік-көптік, жақтық мағыналар етістіктердің барлығына тән грамматикалық мағыналар.

2. Тюркологияда грамматикалық мағынаны жалпы категориялық мағына және жеке грамматикалық мағына деп бөлу бар. Қазақ тілінде К.Аханов, С.Исаев грамматикалық мағынаны үшке бөледі: жалпы грамматикалық мағына, категориялық грамматикалық мағына, қатыстық грамматикалық мағына.

Лексикалық мағынаның жалпылануы арқылы пайда болатын грамматикалық мағына *жалпы грамматикалық мағына* деп аталады. Жалпы грамматикалық мағынаның грамматикалық формасы болмайды. Сөздің ішкі семантикасының абстракциялануы арқылы қалыптасады да, сол арқылы сөздердің семантикалық жақындығы, ортақтығы пайда болып, грамматикалық топтар құралады. Жалпы грамматикалық мағына әрі қарай ұсақ лексика-грамматикалық топтарға бөліне алады. Мысалы, жалпы заттық мағынадан адамға байланысты заттар (ана, бала), деректі, дерексіз (ақыл, тас), жалпылық және жекелік (Астана, үй) мағыналық топтарға бөлінеді. Жалпы сындық мағына сапалық сын (көк, биік) және қатыстық сын (үйлі, сусыз) мағына болып бөлінеді. Жалпы қимылдық мағынаны білдіретін сөздер қимылдық мәнді (жүр, жүгір), қалыпты білдіру (тұр, отыр), көңіл-күйді білдіретін (жыла, күл) т.т. мәнді білдіретін топтарға бөлініп кетеді. Сөйтіп, жалпы грамматикалық мағына сөз таптарының семантикалық сипаты болып табылады.

Грамматикалық форма арқылы берілетін мағынаны *категориялық грамматикалық мағына* деп атайды. Категориялық грамматикалық мағына: 1) белгілі бір формалар арқылы беріледі, 2) сол арқылы белгілі грамматикалық топтағы сөздердің түрлену жүйесі болып табылады, 3) соның нәтижесінде сол топтағы сөздердің грамматикалық немесе лексика-грамматикалық категориясын құрауға негіз болады. Мысалы, шырай мағынасы белгілі бір шырай тұлғалары арқылы беріліп, сын есімнің шырай категориясын жасауға негіз болады. Сөйтіп, категориялық грамматикалық мағына белгілі грамматикалық сөздер тобының түрлену жүйесін, парадигмалық сипатын, соның нәтижесінде ол топтардың грамматикалық, лексика-грамматикалық категорияларын айқындайды.

Сөйлеу процесінде сөздің басқа сөздермен тіркесіп, байланысқа түсуі, негізгі сөзге көмекші сөздің тіркесуі арқылы, орын тәртібі, интонация т.б. аналитикалық, қатыстық тәсілдер арқылы берілетін грамматикалық мағына *қатыстық грамматикалық мағына* деп аталады. Мысалы: Кешке ауыл жасы жиналды (1). Жас бала ірілік мінез көрсетті (2). (1)-де зат атауы (адам) атау септікте субстанттық, 3 жақ көпше мәнде тұр. (2)-де сындық, қатыстық мәнде. Бұл жерде қатыстық грамматикалық мағына тіркесу (жас пен бала сөзінің) арқылы пайда болды. Немесе *Кітапты алсам ше?* - сұраулық мағына *ше* шылауы арқылы беріледі. *Бұл - Әбіштің сүйіп тыңдайтын әні. Бұл Әбіштің оқымаған кітабы жоқ.* Грамматикалық мағына интонация арқылы берілген. *Жақсы оқушы. Жақсы оқиды.* - сөйлемдегі қызметі.

Сонда қатыстық грамматикалық мағына сөздердің сөйлемде атқаратын қызметтерімен байланысты және көбіне контекске байланысты болып келеді де, сөздерді топтастырудың синтаксистік принципіне негіз болады.